



Әлем өркениетінің дамуына түркі мәдениеті қандай үлес қосты?

Мақсаты:

7.2.2.5 көшпелілердің
қолданбалы өнер жетістіктерін
сипаттау

7.2.2.2 сәулет өнері
ескерткіштерінің ерекшеліктерін
түсіндіру

Бағалау критерийлері

- *Түркі халықтарының материалдық және рухани мәдениет үлгілерін біледі.*
- *Дереккөздер негізінде түркі халықтарының мәдениеті жөнінде қорытынды жасайды.*

Жеке жұмыс (4 минут)

Тапсырма:


1. Деректермен танысыңыз
2. Сұраққа жауап беріңіз

Орта ғасырларда өмір сүрген түркілердің мәдениеті туралы не айта аласыз?

«Суйшу» кітабы.

Олар мал шаруашылығымен айналысты. Бір жерді тұрақты мекендемеді. Жазуы жоқ, тек ағашты ойып, таңба салады. Киіз үйде тұрады. Шаштарын жайып жүреді. Ет жеп, сүт ішеді. Киімдерін теріден тігеді. Жүннен киім тоқиды. Олардың салты негізінен ғұндарға ұқсайды.

636 жылы Тан әулетінің тарихшысы Вэй Чжэн жазған түркілер туралы сипаттама.



1 Көне түркілер. Ойма суреттің бір бөлігі. Аньцзяның моласы. 579 ж.

Дескрипторлар:

1. Түркілердің мәдениеті туралы деректермен танысады.
2. Әр дереккөзге қатысты өз ойын кем дегенде 1 сөйлеммен білдіреді.

Оқулық, 58 бет

Өзін-өзі бағалау

- Бірінші дереккөзден түркі халықтарында қолөнер дамығандығын біле аламыз. Тұрмысқа қажетті заттарды өздері жасады. Мысалы, киімдерін жүннен тоқыды, теріден тікті.
1. Екінші дереккөзден түркі халықтарында музыка өнері таралғандығын көре аламыз, соынмен қатар музыкалық аспаптарды өздері дайындады.

1. Түркі халықтарының мәдениетіне қатысты берілген ақпараттармен танысыңыз.

2. Материалдық және рухани салаға ажыратыңыз.

Дескриптор:

1. Түркілердің мәдениеті туралы тұжырымдармен танысады.

2. Тұжырымдарды материалдық және рухани салаға ажыратады.



Бағалау

	Тұжырымдар	Рухани/ материалдық
1	ХІ ғасырдан бастап металдан жасалған ыдысты өрнектеу және ғимараттардың іші-сыртын сәндеп безендіру кең таралды.	М
2	Мұсылманша жерлеу дәстүрі бойынша, адамдардың басы батысқа (құбылаға) қаратылып, жанына ешбір зат бірге қойылмай жерленді.	Р
3	Тәңіршілікпен қатар, дүниежүзілік діндер таралды. Мысалы, ислам, будда, манихейлік т.б.	Р
4	Сүйек өңдеу кең таралды, сүйектен бұйымдар, әшекейлер жасалды.	М
5	Ислам дінінің таралуымен діни үлгідегі құрылыстар салынды. Мысалы, мешіт, медресе, кесенелер т.б.	М
6	Араб жазуы таралып, араб тілінде жазылған әдеби және ғылыми шығармалар кең таралды.	Р

Рефлексия



- *Мен ... білдім*

- *Маған... қызықты болды*

Әлем өркениетінің дамуына түркі мәдениеті қаншалықты үлес қосты?

Мақсаты:

7.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М. Қашғари, Ж. Баласағұн және А. Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру;

7.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау

Бағалау критерийлері


- *Түркі ғұламаларының ғылыми және әдеби еңбектерінің құндылығын бағалайды.*



*Әбу Насыр әл
Фараби*



Жүсiн Баласағұни



Махмұд Қашқари

Зерттеу критерийлері			
	Әл-Фараби	Жүсіп Баласағұни	Махмұд Қашқари
Айналысқан ғылым салалары			
Еңбектері, шығармалары және оның қысқаша мазмұны			
Қызметінің маңыздылығы/Еңбектерінің құндылығы			

Дескрипторлар:

1. Ортағасырлық ғұламалардың айналысқан ғылым салаларын біледі.
2. Негізгі еңбектерін, шығармаларын атайды және 1 шығармасының мазмұнын сипаттайды.
3. Қызметінің маңыздылығын, еңбектерінің құндылығын бағалап, қорытынды жасайды.

Қорғау 2 минут Өзара бағалау

